

ӘОЖ 372.851

GTAMP 14.25.09:27.21

DOI: <https://doi.org/10.37788/2024-3/119-123>

Г.Е. Имамбаева<sup>1</sup>, А.Ж. Кайрамбаева<sup>1</sup>, Г.К. Сапина<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Инновациялық Еуразия университеті, Қазақстан

<sup>2</sup>«Павлодар қаласының № 2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ, Қазақстан

\*(e-mail: aigul\_zh@inbox.ru)

### «Ұлттық дүниетаным» ұғымының концептуалдық негіздері

#### Аңдатпа

*Негізгі мәселе:* Ғылымда «дүниетаным» ұғымын этностың көзқарастық жүйесі деп санау орын алған. Бұл жүйе белгілі қауымдастықтың әлеуметтік-географиялық ортада қалыптасатын, дүниетанымының, құндылығының бағдарларын сараптайды.

*Мақсаты:* «Ұлттық дүниетаным» ұғымының антропоцентристік негізі – адамдардың іс-әрекеті, өмір сүру тәсілі, ойлау жүйесі, адамдардың рухани дүниесі, мінез-құлқы, қайрат-жігері, әдет-ғұрпы, сол адамды қоршаған географиялық орта, олар сондай-ақ адамдардың әлеуметтік-саяси жағдайларымен, нақты ісімен байланысты. Әрбір халықтың менталитетінің ерекшелігі – сол этносқа тән өзгешеліктері, адамды қоршаған ортада, адамдардың ісі мен мінез-құлқымен, ойлау жүйесімен тығыз байланыста. Осындай факторлардың өзгешелігі әрбір ортаның ерекшелігімен, этностарға тән ойлау жүйелерімен, мінез-құлықтарымен байланысты, мәселен, қазақтардың менталитетін батыстық үлгіде қалыптасқан еуропалық халықтардың менталитетімен салыстыруға болмайды.

*Әдістері:* ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сипаттау, салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

*Нәтижелері және олардың маңыздылығы:* Қазақ халқының «ұлттық дүниетаным» ерекше түрде қалыптасқан, сондықтан оны батыстық үлгідегі қағидалар мен тұғырнамалар арқылы зерттеуге болмайды.

*Түйін сөздер:* ұлттық дүниетаным, концептуалдық негіздері, антропоцентристік негізі.

#### Кіріспе

Антропоцентристік тұрғыдан қазақ менталитетінің қалыптасуына қоршаған орта қандай әсер етті деген сауалдың мәні зор. Кейбір ғылыми зерттеулерде адамдардың мінез-құлқы қоршаған ортаға қарап қалыптасады деген пікірлер кездеседі. Мәселен, М. Монтескьенің ойынша, географиялық факторлар адамдардың мінез-құлқының қалыптасу бағытын белгілейді.

Белгілі ғалым Л. Гумилев келесі ойды тұжырымдайды: «Этностың қоршаған ортасы әр түрлі, сондықтан да олардың мәдениеттік ерекшелігін байқауға болады, себебі адам қоршаған ортаға бейімделу үдерісінде мінез-құлықтардың, стереотиптердің, дағдылардың, ептіліктердің өзгешелігін де қалыптастырады. Этностардың өзгешелігін, өзіндік сипатын олардың биоценозын білу негізінде тануға болады» [1].

#### Материалдар мен әдістер

Этностардың ішкі этникалық құрылымдарының ерекшелігі, олардың менталитеті, этностардың белгілі экологиялық текшеге бейімделуі әлеуметтік мәдени тұлғаларына тән өзгешеліктермен байланысты болады, соған тәуелді болуы мүмкін. Осыған орай, Л. Гумилев келесі ойды тұжырымдайды: сан-қилы географиялық региондарда, әртүрлі мерзімдерде тұрған адамдар үнемі географиялық ортамен қарым-қатынасы әртүрлі байланыста, сипатта болады. «Тундра, орман, кең дала, шөл, тау, су ортасы, аралда немесе жерде тұру – осының бәрі де организмдерге өзгешелік із қалдырады» [2].

Табиғи ортамен адамдардың тірі байланыстары халықтардың менталитетінің, дүниетанымының өзгешелігін алдын-ала белгілейді, мәселен, қазақ халқын қоршаған орта (шөл, қуаң дала) қазақтардың өмір сүру тәсілін, нақты ісін – көшпенділердің мал бағу іс-әрекетін тағайындап, соған орай мінез-құлқын, этникалық нормаларын қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Қазақ халқы кең дала құбылыстарының табиғатын түсініп, мәнісіне жетуге көп көңіл бөлген.

А. Қасымжанов және Ж. Алтаев ғалымдардың пайымдауынша, «Қазақ дала кеңістігіндегі әрбір көріністің, әрбір іс-әрекет, кең мінез-құлықтың байыбына жетуге, олардың түйінді жағын анықтауға мән берген халық» [2].

Ұ.Ержанованың пікірінше, «Қазақ үшін дүние – тірі заттың тіршілігіне негіз, оның өсіп-өнуіне бастама боларлық табиғат және ел-жұрт ортасы, туған жер мен елде қалыптасқан атамұра мен сана-сезімнің түрлері мен көріністері, рухани мұра мен адамдардың мінез-құлық қатынастардың тәсілдері» [3].

### **Нәтижелер**

Шынында да қазақхалқының дүниетанымы қоршаған ортаға, құбылыстар табиғатына мән беріп, сол ортаға орай өмір тәсілін, нормаларын қалыптастырған. Мәселен, ұлы дала, қуаң табиғат қазақтарды көшпелі жағдайда төрт түлік малды бағып, кәсіп етуге алып келді. Халық көшпелі өмір тәсілінің субъектісі болып табылды. Көшпелі іс-әрекетпен шұғылданатын адамдардың мінез-құлқы, сол көшпелі қоғамға сай этникалық қоршаудағы көшпелі болмыстың айнасы, мысалы, қазақтардың адамдарды жатырқамау қасиеті көшпелі өмірдің нәтижесі болып есептелсе керек. Көшпелі өмір салт маңдайға жазылған соң, сол жазмышқа көнудің бірден-бір кепілі – адамдар бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп қана өмір сүруі.

Көшпелілер «адамның күні – адаммен» ұстанымын тіршілікке тірек еткен. Соған орай қазақтардың моральді-этникалық нормалары да қалыптасқан. Әрбір қазақ туыстық-қандастық жүйеге бөлініп, оны өмір сүру нормасы деп санаған. Туыстық-қандастық жүйе нормасының тірегі – жеті үрдіс. Сол жеті аталық үрдістің этномәдени тұтастығын қамтамасыз ететін ғажайып тетік шежіре құралы. Қазақтың шежірешілдігі, тарихи зердесінің ұшқырлығы – далалықтар үшін өмір сүрудің құралына айналған қажеттілік. Тәулік бойынша көшіп-қону, кеңістікті игеру далалықтар үшін өмір сүрудің тәсілі болған соң, кез келген көшпелі жеті атасын білу арқылы, одан ары руын, сонан соң жүзін білу арқылы мыңдаған шақырымдық кеңістікте еркін жүріп-тұрған, ұдайы өз қандастарының ортасында екенін терең сезінген.

Орыс халқының менталитеті, көзқарасы да орыс халқының тұрып жатқан қоршауына (ну орман), орман мен даланың араласуына орай қалыптасса керек, оның негізгі белгілері отырықшы халықтарға тән болып табылады. Нақты ісі (ауыл шаруашылығымен шұғылдану, өндіріспен айналысу) өмір тәсілін тағайындайды. Отырықшы халықтар жерді асыраушы феномен ретінде қабылдайды. Олар үшін жердің үсті де, асты да байлыққа толы. Егін егу, жер жырту, астық жинау, жер өңдеу, жер астынан қазба іздеу, олардан үнемі әр нәрсенің шығу, пайда болу себебіне үңілуіне әсер етеді. Ал көшпенділер болса, жер үстіндегі байлықты пайдалану нәтижесінде үнемі жер бетіндегі заттарға үңілу, қарау дағдысы қалыптасты. Олар жер бетінде малға қандай шөп өседі, жайылым, су қандай болады деген сұрақтарға жауап іздеді. Егін, шөп шығудың негізіне, жалпы заттардың шығу себебіне ешқашан үңілмеді. Олар үшін бар, дайын дүниені образдық тұрғыдан игеру басым болды. Өмір сүрудің негізгі көзін малмен байланыстырды.

Орыс халқының менталитеті, көзқарасы басқаша әлеуметтік-географиялық ландшафта (оңтүстік-батыс), географиялық жағдаятта қалыптасты. Оның дамып, өрістенуіне орыс халқының негізгі ісі (ауыл шаруашылығы-мен шұғылдану) және ішкі этникалық құрылымы әсер етті. Осындай факторлар орыс халқына тән мінездік стереотипті қалыптасуға ықпалын тигізіп, орыс халқының этникалық нормаларын құрылып, өңделуіне себін тигізеді.

### **Талқылау**

«Ұлттық мінез-құлық» ұғымының қалыптасуына антропоцентристік факторлардың қатысы бар екенін біз келесі жағдайлардың жүзеге асқанынан көріп отырмыз: 1) осындай ұғымдардың қалыптасуы адамдардың негізгі өмір сүру тәсілімен, нақты ісімен байланысты, мәселен, көшпелілер үшін мал бағу әрекетімен, көшпелі өмір сүру тәсілімен; 2) көшпелі өмір сүру әрекеті қоршаған ортаның өзгешелігімен байланысты. Қоршаған орта адамдардың негізгі өмір сүру тәсілін, іс-әрекетін тағайындайды; 3) қоршаған орта сол табиғатта өмір сүретін адамдардың әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, этникалық нормаларын қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Көшпелілер үшін осындай салт-дәстүрлердің негізінде антропоцентристік «адамның күні – адаммен» ұстанымы жатыр.

«Ұлттық мінез-құлық» ұғымын лингвистикалық және танымдық тұрғыдан талдаудың қажеттілігі келесі себептермен байланысты:

1) антропоцентристік парадигма тілді санамен байланысты қарастырады, себебі адамның санасында ұялайтын ақыл-ойын, рухани ішкі дүниесін эксплициттік түрде тіл арқылы зерттеуге болады, себебі ұлттық тіл этностың таным әлемін өз бойына сіңірген. Ұлттық реңкі

бар лексемаларда, фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде халықтың дүниесезімдік, дүниетанымдық көзқарастары бейнеленген, сондықтан осындай сөздер, сөздік тіркестердің ментальды-когнитивтік сипаттарын айқындау – қазақ тіл білімінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі болып табылады;

2) когнитивтік лингвистика мен лингвоконцептология арналарында қарастырылған дүниетанымдық «ұлттық мінез-құлық» ұғымы ұлттың рухани әлемін суреттейтін, терең мағыналық этномәдени мазмұнға ие, мәдениет кеңістігінің ерекше құрылымы.

«Ұлттық мінез-құлық» ұғымы философиялық термин болса да, оны когнитивтік-ментальдық мазмұны бар сөздерге жатқызуға болады. Осындай дүниетанымдық, сөздік-концептуальдық ұғымда жеке адамның және этностың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады.

Ғалым А. Ислам атап көрсеткендей, «концепт этномәдени санада сақталған ықшам, терең мағыналы, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым ретінде қарастырылады». Концепті лингвомәдени тұрғыдан түсіну кезінде оның этномәдени ерекшелігі аталып өтіледі. Сондай-ақ концептінің басты ерекшеліктеріне мәдени реңктің болуына назар аударылады. Сондықтан концепт ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады.

Ғалым Н.Уәли өзінің еңбектерінде концепт ұғымын лингвомәдени ақпараттар көзі ретінде зерделеді. Ол үшін зерттеуші аталмыш ұғымның лингвосемиотикалық және этномәдени семиотикалық жүйелерінің бірлігін сұрыптаудан өткізіп, сөз бен концепт ұғымын үйлестіре алды. «Сөзді белгілі бір концептінің атауы ретінде ала отырып, сол сөздің тілдегі мағынасына, ақиқат дүниемен байланысына, ақиқат дүниенің санадағы бейнесіне (образына) және ол жөнінде санада жинақталған ақпараттардың қайта өңделіп, қайыра атауға ие болуына талдау жасау арқылы аталмыш сөз – концептінің мазмұн құрылымындағы лингвоэтно-мәдени ақпараттарды айқындайды. Сөйтіп санадағы дүниенің тілдік бейнесін ашу жөнін зерттеулер қолға алына бастады» – деп тұжырымдайды Н.Уәли [4].

Тілдік құралдардың мәдени танымдық сипаты бірталай Қазақстан зерттеушілерінің Р.Н. Шойбеков, А.Қ. Сейілхан, С.И. Жапаков, М.Т. Күштаева, А.Б. Әмірбекова, Ә.Ж. Айтпаеваның еңбектерінде қарастырылды.

Екінші бағыттың өкілдерінің пайымдауынша, тілдік таңбаның семантикасы концепт мазмұнын айғақтайтын бір ғана құралы деп есептейді. Ғалымдар (Н.Д. Арутюнова, Т.В. Булыгина, А.Д. Шмелев, Н.Ф. Алефиренко) аталмыш терминді семантика элементі есебінде қарастырады.

Қазақ тіл білімінде М. Оразов сөз мағынасының өте күрделі ұғым екенін дәлелдей отырып, оның таным теориясына қатынасы бар екенін анықтады. Жалпы сөз семантикасы философияның кей категорияларымен байланысты екендігін ғалымдар ерте кезден-ақ айтқан болатын.

Д.С. Лихачев, Е.С. Кубрякова – үшінші әдістің жақтастары. Олар концептіні ақыл-естің, мидың концептуальдық жүйесінің, адамның психикасында бейнеленген әлемнің суретінің оперативтік мазмұнды бірлігі ретінде түсінеді. Ғалымдардың пайымдауынша, концепт сөз мағынасынан тікелей пайда болмайды, сөз мағынасы жеке адамның және жеке халықтың іс-тәжірибесінің тоғысуы нәтижесінде пайда болады деп есептейді.

Ғалым Е.С. Кубрякова концептіге келесідей анықтама береді: «Концепт – ақыл-естің оперативтік бірлігі. Ол ментальдық лексиконның, концептуальдық жүйенің, ми-ойлау жүйесінің, әлемнің суретінің білім кванты» [5].

З.Д. Попова, И.А. Стернин, М.В. Пименова сынды зерттеушілер төртінші әдісті қолданатын бағыттың өкілдері. Олар концепті ақыл-естің бірлігіне жатқызбай, ойлау жүйесінің бірлігі ретінде қарастырады, себебі авторлардың ойынша, концептің негізгі міндеті – ойлау үдерісін қамтамасыз ету. Сонымен қоса концептіде этномәдени өзгешелік міндетті түрде болу шарт емес, себебі көп концептілерде, мысалы тұрмыстық, мәдени өзгешелік жоқ. Кейбір концептілердің құндылықтық компоненті де жоқ. Сондықтан З.Д. Попованың, И.А. Стерниннің пікірінше, концепті адамның ойлау кодының негізгі бірлігі ретіндегі дискреттік ментальдық құрылым деуге болады. Оның шамалы түрде реттелген ішкі құрылымы бар. Осы ішкі құрылым жеке тұлғаның және қоғамның танымдық (когнитивтік) іс-әрекетінің нәтижесі, сондықтан концепт санада бейнеленген зат, не құбылыс туралы кешенді, энциклопедиялық мәлімет береді және сонымен қоса осы мағлұмат туралы қоғамның түсінігін, осы құбылыс, не зат туралы қоғамдық сананың берген бағасын да жеткізеді [6].

Концептуальдық белгі концептілердің репрезентанттары арқылы көрсетіледі. Сонымен қоса, концепт әлемнің кейбір фрагменттері туралы категориялық және құндылықты білімді береді. Концептің құрылымында осы мәдениет үшін маңызды функциональдық белгілер бейнеленеді.

### **Қорытынды**

Біздің көзқарасымыз бойынша, концептіге берген әрбір анықтамалар өздігінен дұрыс болып табылады, себебі әрбір анықтамада концептінің қандай бір жақтарына баса назар аударылады, мәселен, бірінші әдістің жақтастары концептінің мәдени жағына назар аударады. Өйткені концептілер негізінен мәдени ақпаратты жинап, этникалық мәдениеттің негізгі ұғымдары ретінде көрсетіледі.

Екінші бағыттың өкілдері концептінің семантикалық кеңістігін ескереді, себебі осындай лингвистиканың таңбалық мазмұнында лингвистикадан тыс ақпарат, ғылым туралы білімдер жүзеге асырылады.

Үшінші әдістің өкілдері концептінің дүние туралы ақпаратты сақтайтынын, тілдік мағынасының, адамдардың (жеке және халықтың) тәжірибелерімен тоғысуын, қатынасын ескереді.

## **ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Гумилев Л.Н. Экофера. История людей и история природы. – М.: Экспрос, 1993. – 544 с.
- 2 Касымжанов А., Алтаев Ж. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. – Алматы, 1996. – Б.160-172.
- 3 Ержанова Ұ. Тілдегі қазақтар дүниетанымы / Ұ. Ержанова // Ұлт тағылымы. 2002. – № 4. – Б.161-163.
- 4 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: монография / Н. Уәли. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 424 бет.
- 5 Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира / Рос.академия наук. Институт языкознания. – М.: Языки славянской культуры, 2004. – 560 с.
- 6 Попова З.Д. Когнитивная лингвистика / З.Д. Попова, И.А. Стернин. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007 – 314 с.

## **REREFENCES**

- 1 Gumilyov, L.N. (1993). Ecosphera. Istoriya lyudei i istoriya prirody [Ecosphere. History of people and history of nature]. M.: Ecopros [in Russian].
- 2 Kasimzhanov, A., & Altayev, Zh. (1996). Ezhelgy kazaktardin dunietanymi [The worldview of the ancient Kazakhs]. Almaty [in Kazakh].
- 3 Yerzhanova, U. (2002). Tildegy kazaktar dunietanymy [Kazakh worldview in the language]. Ult tagilimy [in Kazakh].
- 4 Uali, N. (2021). Kazakh soz madenietinin teoriyalik negizdery [Theoretical foundations of the Kazakh verbal culture]. Almaty; ‘Kazakh tili’ baspasy [in Kazakh].
- 5 Kubryakova, Y.S. (2004). Yazik i znaniye: na puty polucheniya znaniy o yazike: Chasty rechi [Language and knowledge: On the way to gaining knowledge about language: Parts of speech from a cognitive point of view]. M.: Yaziki slavyanskoi kultury [in Russian].
- 6 Popova, Z. D. (2007). Kognitivnaya lingvistika [Cognitive Linguistics]. M.: AST: Vostok-Zapad [in Russian].

**Г.Е. Имамбаева<sup>1</sup>, А.Ж. Кайрамбаева<sup>1</sup>, Г.К. Сапина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Инновационный Евразийский университет, Қазақстан

<sup>2</sup>СОШ № 2 г. Павлодар, Қазақстан

## **Концептуальные основы понятия «концептуальное мировоззрение»**

### **Аннотация**

В науке принято считать понятие «мировоззрение» системой взглядов этноса. Эта система анализирует ориентиры мировоззрения, ценности, формирующиеся в социально-географической среде известного сообщества.

Антропоцентрическая основа понятия «национальное мировоззрение» - деятельность людей, образ жизни, образ мышления, духовный мир людей, поведение, нравы, обычаи, географическая среда, окружающая этого человека, они также связаны с социально-политическими условиями, реальным делом людей. Специфика менталитета каждого народа-специфика, присущая одному и тому же этносу, в тесной связи человека с окружающей средой, с делами и поведением людей, с системой мышления. Различие таких факторов связано со спецификой каждой среды, характерными для этносов системами мышления, поведения, например, менталитет казахов нельзя сравнить с менталитетом европейских народов, сформировавшихся по западному образцу.

В работе использованы методы научно-методического описания, сравнительного анализа.

Национальное мировоззрение казахского народа сформировано особым образом, поэтому его нельзя изучать с помощью принципов и платформ западного образца.

*Ключевые слова:* национальное мировоззрение, концептуальные основы, антропоцентрическая основа.

**G.Y. Imambayeva<sup>1</sup>, A.Zh. Kairambayeva<sup>1</sup>, G.K. Sapina<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Innovative University of Eurasia, Kazakhstan

<sup>2</sup>Secondary school №2 of Pavlodar, Kazakhstan

### **The Conceptual Foundations of the Concept of "National Worldview"**

#### **Abstract**

In science, the concept of «worldview» is considered to be the system of views of an ethnic group. This system analyzes the worldview guidelines and values that are formed in the socio-geographical environment of a well-known community.

The anthropocentric basis of the concept of «national worldview» is the activity of people, lifestyle, way of thinking, the spiritual world of people, behavior, customs, customs, geographical environment surrounding this person, theII are also related to socio-political conditions, the real business of people. The specificity of the mentality of each nation is the specificity inherent in the same ethnic group, in the close connection of a person with the environment, with the affairs and behavior of people, with the system of thinking. The difference in such factors is related to the specifics of each environment, the systems of thinking and behavior characteristic of ethnic groups, for example, the mentality of the Kazakhs cannot be compared with the mentality of European peoples formed according to the Western model.

The methods of scientific and methodological description and comparative analysis were used.

The «national worldview» of the Kazakh people is formed in a special way, therefore it cannot be studied using Western-style principles and platforms.

*Keywords:* national worldview, conceptual foundations, anthropocentric basis.

**Қолжазбаның редакцияға келіп түскен күні: 29.09.2024 ж.**